

"Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №117 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 155 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 наурызда № 6205 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 ақпандағы № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 16.02.2021 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 117 "Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5983 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкінде 2017 жылғы 20 қазанда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

5-тармағының 1-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) 9 мамыр – Жеңіс күніне орай;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмagan жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстая

орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

Ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе әскери міндетін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысуышыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына: Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай -ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөрген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік қолдау ретінде әлеуметтік көмекті алушылардың санаттары:

Ұлы Отан соғысына қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

Женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, оның ішінде:

ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе әскери міндетін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге жылына бір рет – 40 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде";

женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс қатысуышыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен

марапатталған адамдарға жылына бір рет – 30 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде көрсетіледі.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кармақшы аудандық мәслихатының
кезектен тыс 19-сессиясының төрағасы:*

K.Raeva

*Кармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы:*

M.Nаятұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жұмыспен
камтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

T.Дүйсебаев

"26" ақпан 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК